

ЕЖЕЛГІ МЫСЫР ӨНЕРІ



Shanti

Shanti

Shanti



Ежелгі Мысыр өнерінің тарихы 4 мың жылдан астам уақытты қамтиды. Сол себепті Мысыр өнері үлкен қызығушылық туғызады. Өйткені адамзат тарихындағы бірінші таптық қоғам өнердің дамуын анықтаумен қатар, Мысыр құлиеленуші қоғамының өміріндегі өзгерістерді толығымен зерттеуге мүмкіндік береді. Осыған байланысты, ежелгі

Мысыр өнері тарихы мынандай кезеңдерге бөлінеді:
Династиялыққа дейінгі кезең немесе Ерте патшалық
(б.з.д 4 м.ж.)


Ежелгі патшалық (б.з.д 3200-2400 жж.)


Орта патшалық (б.з.д XXI — XIX ғғ. басы)

Жаңа патшалық (б.з.д XVI — XII ғғ.)

Кейінгі уақыт (б.з.д XI ғ. — 332 жж.) — эллинизм мәдениетіне көшу кезеңі.

Мысыр мәдениеті мен өнерінің бізге жеткен алғашқы белгілері, шамамен, б. з. д. IV мыңжылдықтарда пайда болған. Алғашқы қауымдық құрылыс ыдырап, біртіндеп құл иеленуші мемлекеттер құрыла бастады. Ғасырлар бойы мысырлықтардың асыраушы анасы болып келген Ніл дариясы енді құл иеленушілердің меншігіне




The background of the image is a section of an ancient Egyptian wall. It features several vertical columns of hieroglyphs. In the center, there is a dark rectangular opening, possibly a doorway. To the left of this opening, a figure is partially visible, wearing a red garment. To the right, a larger figure is depicted, wearing a green and white striped garment and a tall, dark, conical headdress. This figure appears to be holding a long staff or scepter. The overall color palette is warm, with shades of yellow, orange, and brown, typical of ancient Egyptian wall art.


Б. з. д. IV мыңжылдықтың екінші жарытысында Мысыр жерінде екі құл иеленуші мемлекет — Оңтүстік және Солтүстік патшалығы ірге көтерді. Б. з. д. III мыңжылдықта Солтүстік патшалығы ұзақ жылғы соғыстан кейін Оңтүстік патшалыққа бағынып, тұтас Мысыр мемлекеті құрылды. Осы кезенде мәдениет пен өнер біраз дамыды. Тасқа ойылып, қашалып жасалынатын бедерлеу өнері барынша өріс алды.

Сызу мен сурет салуға бейімі бар адамдар өз заманындағы қоғамдық құрылысты, соғыс қимылдарын, патша жорықтарын қайрақ тастарға бейнелеп түсіріп отырды. Бір жағынан, тарихи жылнамалық белгі болып табылатын, екіншіден, өнердің озық ескерткіші саналатын бедерleme суреті бар тақта тастың бірі — Нармер тақтасы. Рамзес фараоны



The image shows the Great Pyramids of Giza in Egypt. The pyramids are golden-brown and stand prominently against a clear blue sky. The foreground is a vast, sandy desert landscape with some small figures of people and camels scattered across it, providing a sense of scale. The text is overlaid on the image in a white, sans-serif font.

Бұл өнер ескерткіші сол дәуірде болған белгілі тарихи кезеңді ашып көрсетеді. Тақтада Солтүстік патшалығын тізе бүктірген Нармер патшаның әскери жорығы, жеңісі айшықты бейнелермен шебер берілген. Тақтадағы мүсіншінің құрылымдық шешімі, тақта бетіндегі ұтымды бейнелік тәсіл көрген адамды бірден баурап алады. Бұл тарихи өнер көзі — Ежелгі Мысыр өнерінің ең бір айтулы ескерткіші болып табылады. Гизадағы Хеопс пирамидасы. Б.з.б 2560 жылы салынған. Әлемдегі ең ежелгі пирамидалардың бірі



Осыдан кейінгі кезеңдерде де Мысыр патшалығы нығайып, перғауындар билігі арта түсті. Бар байлықты қолдарына жинаған патшалар әулеті Мысырда ірі қалалар, ауқымды сәулет кешендері гибадатханалар ашуды қолға алды. Мұндай мәдени өзгерістер перғауын Жосердің тұсында кең етек алды. Сол кездегі Мысыр патшалығының орталығы, әлемдегі ең көне қаланың бірі Мемфис гүлденіп, өркендеді. Мемфисте сәулет өнерінің алғашқы үлгілері пайда болды. Дәл осы кезеңде Мысыр әдебиетінің алтын тамыры болып табылатын «Птаха» Құдайы туралы жазылған діни-философиялық шығарма өмірге келді.

